

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Әуликөл ауылы әкімінің 2024 жылғы 11 наурыздағы № 9 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес және 2024 жылғы 24 қаңтардағы № 3 Әуликөл ауданы жер учаскелерін беру жөніндегі комиссияның отырыс хаттамасынан үзінді көшірмесінің негізінде Әуликөл ауылының әкімі ШЕШТІ :

1. "Әуликөл ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаурашылы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Әуликөл ауданы әкімдігінің "Құсмұрын жылыту энергетикалық компаниясы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Әуликөл ауылының аумағында орналасқан, жалпы ауданы 0,2800 гектар жер учаскесіне объект бойынша инженерлік газ тарату желілерін салу үшін қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Әуликөл ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрдегі "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін "Әуликөл ауылы әкімінің аппараты" ММ интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Р. Едресов